

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шығыстану факультеті қыттайтану кафедрасының PhD докторантты Мадиев Данияр Әріпбайұлының «6D020900 – Шығыстану(тарих ғылымдары)» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «ҚХР-дың солтүстік-батыс шекара аймагын дамыту саясаты (1949-2015 жж.)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

СЫН-ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Қазіргі танда Азиялық державалардың басым геосаяси күші дәстүрлі батыстық халықаралық қатынастар парадигмаларын қайта қарастыру мәжбүр етті. Сөзсіз, бұл үрдісті туындаудың әсер еткен мемлекет – Қытай Халық Республикасы. Өлемнің екінші экономикасы ретінде, Қытай әлемдік саясаттың қуатты полюсіне айналды және көшбасшылық рөлді көздейді. Жүзеге асырылып жатқан «Белдеу және жол» бастамасы, Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі Қытайдың талапты дипломатиясының тиімді құралы болып табылады. Бұл деңгейге жетуге XX ғасырдың соңғы онжылдықтарындағы ҚКП-нің реформалық саясатын тиімді жүзеге асыруы, елдің әлеуметтік-экономикалық өмірінде өрлеу - мемлекеттің қазіргі саясатын жүзе асыруға алғышарты ретінде болып табылады.

Қазіргі танда, Қытайдың Орталық Азияға қатысты саясаты да әлемдік көшбасшылыққа жету стратегиясына сәйкес түрғысынан қарастырылады. Қытай Орталық Азия аймағында және Қазақстанда ерекше рөл атқаратыны сөзсіз. 2019 жылы, Қытай Қазақстанмен сауда-саттық көлемі бойынша (14,4 млрд \$) Ресейден кейін екінші орынға шықты. Сонымен қатар, соңғы үш жылда Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар айналымы жылдан орта есеппен 22,5% өсті. Бұл сауда-саттық қатынастарды іске асыруда Қытайдың Қазақстанмен шекаралас Шыңжаң автономиялық ауданының үлесі зор. Ал Шыңжаң – Қытайдың солтүстік-батыс шекара өнірінде орналасқан стратегиялық маңызы зор әкімшілік-аумақтық бірлік. Жалпы солтүстік-батыс аудардары - ауқымды дамудан өткен және үлкен әлеуетке ие ресурстарға бай аймак.

Сондықтан ізденуші Д.Ә.Мадиевтің диссертациялық жұмысының тақырыбы өте өзекті, тың тақырып деп санауга болады. Қытай аймақтарының дамыту саясаты бойынша, 1978 жылы басталған реформаларды қарастыру Қытай туралы зерттеулер үшін маңызы зор. Себебі ҚХР-дың аймақтық даму стратегиясын жүзеге асыруда шекара бойындағы аймақтарды жан-жақты ашық ұстаудың мәні зор. Шекара бойындағы ашықтық батыс өнірін дамыту стратегиясын іске асыру үшін маңызды шара болып табылады. Бұл аймақтар энергетикалық ресурстарға, флорага бай және туризмді дамытуға кең мүмкіндіктерге ие.

Қытайдың біркелкі дамымаған сыртқы және ішкі аймақтары проблемасын, сондай-ақ қазіргі жағдайды шешу үшін Қытай үкіметі қабылдаған бірқатар шараларды жан-жақты зерттеу тек теориялық жағынан ғана емес, сонымен қатар басқа елдер үшін де реформалар жүргізу барысында практикалық мұдделі болып табылады.

Жалпы, диссертациялық жұмыстың деректік базасы өте мол, тарихнамасы бай. Зерттеу барысында көптеген шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеу еңбектері мен әдістемелік тәсілдеріне сүйенген. Жұмыстың талапқа сай жаңашылдығы анықталып, тиісті тұжырымдамалары қорғауға ұсынылған.

ҚХР-дың Шыңжанды қауырт игеру, шекара аймақтарының әлеуметтік экономикасын дамытуға қолданған саяси шараларының нәтижелі болғаны зерттеу жұмысынан анық байқалады. Бұл жағдай аймақтардағы әлеуметтік мәселелерді шешуге ықпал жасаумен қатар, Қазақстан мен Қытай арасындағы шекара маны сауда-экономикалық, мәдени байланыстардың дамуында да белсенді рөл атқарып отыр.

Ізденуші Мадиев Даниярдың диссертация жұмысының жаңашылдығы ретінде, аталған аймақтың отандық және шетелдік ғылымда жекелей қарастырылмаған, берілген жұмыста Қытай билігінің солтүстік-батыс шекара өнірінде жүргізген әлеуметтік-экономикалық саясатын кешенді түрде зерттеуге арналған тың еңбек екенін атап етуге болады.

Диссертация тақырыбына қатысты манызды мәселелер жүйелі, бірізді қарастырылғандықтан, зерттеу жұмысының ішкі бірлігі талапқа сай берілген. Сондықтан ізденушінің жасаған тұжырымдары мен корытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі жоғары. Зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелер мен тұжырымдар шекара, шекара аймағын дамыту теориясын дамытуға, әлеуметтік-экономикалық, саяси процестер салаларының теориялық мәселелерін шешуге, оның қағидаларын айқындауға өз деңгейінде үлес қоса алады.

Диссертация жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасының «Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен», ҚР инфрақұрылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасымен үйлестік тапқан.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері. Жұмыстың құрылымы кіріспеден, төрт тараудан және қорытындыдан тұрады. Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі берілген. Ізденуші қойылған міндеттерді шешу барысында бірнеше ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

-Бірінші ғылыми нәтижеде ҚХР-дың солтүстік-батыс шекара өнірінің географиялық орналасу ерекшеліктері мен жергілікті халықтың этникалық ерекшеліктері анықталды;

-Екінші ғылыми нәтижеде ҚХР-дың солтүстік-шығыс аймағында орналасқан Шыңжандының Қазақстан Республикасымен шекаралас өнірінде ҚХР

күрүлған уақыттан бергі тарихи кезеңде орын алған саяси-экономикалық өзгерістерге талдау жасалынады;

-**Үшінші ғылыми нәтижеде** Шыңжаң өндірістік-күрүліс корпусының (Бинтуанның) өнірдегі саяси маңызына, шаруашылық-экономикалық қызметіне сараптама жүргізіледі;

-**Төртінші ғылыми нәтижеде** шекара өнірінде жүргізілген түрлі саяси-экономикалық реформалардың аймақтың экономикасы мен жергілікті халықтың тұрмыс деңгейіне ықпалы анықталады;

-**Бесінші ғылыми нәтижеде** Қытай билігінің «Батысты қауырт игеру» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан Шыңжанды, оның шекара өнірін қауырт игеру жоспарының нәтижелеріне талдау жасалады;

-**Алтыншы ғылыми нәтижеде** Шыңжаңның экономикалық жағдайына сараптама жасау арқылы өнірдегі туындалап отырған ұлтаралық шиеленістің себептеріне талдау жүргізіледі;

-**Жетінші ғылыми нәтижеде** шекара өнірінде жүргізіліп жатқан заманауи инфрақұрылымдық құрьылыштардың аймақтағы сыртқы сауда экономикалық байланыстарды дамытуға ықпалы анықталады.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Бірінші ғылыми нәтиже анық және айқын дәлелденген деуге негіз бар. ҚХР-дың солтүстік батыс шекара аймағы аз санды ұлттар тығыз орналасқан ұлттық аймақ, сондықтан осы аймақта қауіпсіздікті сақтау және экономикалық даму деңгейін арттыру, ҚКП мен Қытай үкіметінің ең басты мақсаты болып табылады;

Екінші ғылыми нәтиже дәлелденген болып табылады. ҚХР күрүлған уақыттан бастап Шыңжаңның солтүстік-батыс шекара өнірінде орын алған тарихи оқиғалардың аймақтағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың қалыптасуына тікелей әсері болды;

Үшінші ғылыми нәтиже анық және дәлелденген. Шыңжаңның қауіпсіздігін қамтамасыз ету және экономикалық дамуын ілгерілету үшін, өлкеде әрі әскери міндет атқаратын, әрі өндіріспен шұғылданатын «өндірістік-күрүліс корпусы» (Бинтуань) орналастырган;

Төртінші ғылыми нәтиже нақты және негізделген болып табылады. Зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелерге сәйкес, ҚКП ОК Шыңжаңның әлеуметтік-экономикалық дамуын колдау мақсатында, елдің шығыс өніріндегі дамыған аймақтардың Шыңжаңға каржы-экономикалық колдау көрсету бағдарламасын жүзеге асырып отыр;

Бесінші ғылыми нәтиже нақты және негізделген болып есептеледі. ҚХР артта қалған елдің батыс өнірін дамыту, шығыстағы дамыған провинциялардың деңгейіне жеткізу мақсатында XXI ғасырдың басынан бастап, батыстағы он

әкімшілік-территориялық бірлікті қамтитын «Батысты қауырт игеру» стратегиялық жоспарын жүзеге асырып келеді;

Алтыншы ғылыми нәтиже нақты және негізделген. Соңғы жылдары Шыңжаң экономикасының дамуы, ЖІӨ –нің бүкіл мемлекеттік деңгейден асып түсkenіне қарамастан, жергілікті халықтың билікке қарсы бас көтеру фактілері толастар емес;

Жетінші ғылыми нәтиже нақты және негізделген болып есептеледі. ҚКП басшылығы Шыңжаң территориясы арқылы транзиттік тасымал қөлемін арттыру мақсатында және аймақтың экономикалық дербестігін қамтамасыз ету үшін улken инфрақұрылымдық жобалар мен еркін экономикалық аймақтардың құрылышын жаппай жүргізуде.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытывының жаңашылдық деңгейі.

Бірінші нәтиже – жаңашылдығы жоғары, өйткені ҚХР құрылғаннан бергі солтүстік-батыс шекара аймағының әлеуметтік-экономикалық даму барысын зерттеу отандық ғылымда алғаш рет зерттеу нысанына айналып отыр;

Екінші нәтиже – жаңа болып табылады, себебі аталған кезең барысында Шыңжаңдың солтүстік-батыс шекара өнірінде XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басында орын алған тарихи оқиғалар мен олардың өнірдің әлеуметтік-экономикалық даму үдерісіне ықпалын анықтау үшін жан-жақты талдау жасалған;

Ушінші нәтиже – жаңа болып табылады, Шыңжаң шекара маңына орналасқан өндірістік-құрылымдық корпусының (Бинтуанның) өнірдегі экономикалық және қауіпсіздік мәселесін шешудегі рөліне сараптама жасалып, оның саяси-әскери қызметіне талдау жүргізіледі;

Төртінші нәтиже – жаңа болып табылады, ҚХР билігі тарапынан Шыңжанда нарықтық экономикалық реформалардың жүргізілуі және тұрғындардың әлеуметтік ал-аухатын жақсарту мақсатында колға алынып жатқан стратегиялық маңызды шаралар мен бағдарламалардың орындалу барысы сарапталады;

Бесінші нәтиже – жаңашылдығы жоғары, ҚКП ОК «Батысты қауырт игеру» стратегиялық жоспарының аясында жүзеге асырылып жатқан «Шыңжанды қауырт игеру» бағдарламасының талаптары және оның әлеуметтік нәтижелері анықталады;

Алтыншы нәтиже – жаңа болып табылады, Шыңжаңдың әлеуметтік-экономикалық жағдайының артуы мен жергілікті халықтың тұрмысының жақсаруына қарамастан орын алып отырған ұлтаралық қатынастардағы мәселелердің шығу себептеріне талдау жасалады;

Жетінші нәтиже – жаңа болып табылады, себебі шекара өніріндегі заманауи инфрақұрылымдық нысандар мен арнайы экономикалық аймақтар құрылышының ҚХР-дың көрші мемлекеттермен, оның ішінде ҚР сауда-экономикалық байланыстарын арттырударғы маңызына сараптама жасалынады.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

ҚКП-ның экономикалық саясатын және оны Шыңжанды жүзеге асырудың ерекшеліктерін, сондай-ақ, көршілес өнірлердің экономикалық даму тарихының түрлі кезеңдерін талдау жұмысы экономика, халықаралық қатынастар, шығыстану, аймақтану саласының мамандарын қызықтыруы мүмкін. ҚХР-дың шекара өнірінде жүргізіп жатқан әлеуметтік-экономикалық реформалары Қазақстанның шеткөрі аймақтарының экономикалық деңгейін арттыруда үлгі ретінде практикалық маңызы зор. Зерттеу нәтижелерін ҚХР, Шыңжан тарихына қатысты жалпы еңбектер жазуда, «Қытай тарихы», «халықаралық қатынастар», «шығыстану», «аймақтану» мамандықтары бойынша арнайы курстар окуда, окулықтар жазуда қолдана алады.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Мадиев Данияр Әріпбайұлының диссертациялық жұмысының негізгі тұжырымдары мен қорытындылары 7 ғылыми мақалада жарияланды. Соның ішінде, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынған журналдарда 3 мақала, Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық ғылыми журналда 1 мақала, халықаралық ғылыми конференциялардың жинақтарында 3 мақала жарияланды. Жұмыс тиісті сыннан толық әрі сәтті еткен.

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Д.Ә. Мадиевтың ұсынылған жұмысы өзектілігімен ерекшеленетін толық тәуелсіз зерттеу ретінде қарастырылуы керек. Диссертацияда сәйкесіздіктер немесе автордың әділетсіз қатынас фактілері анықталған жок. Дегенімен, мынандай ескертпелерді де атап еткенді жөн:

1. Жұмыста Қытайдың реформалар жүргізуі барысы жаңжақты қарастырылғанымен, реформалар барысындағы өзгерістердің даму динамикасы экономикалық анализ түрғысынан қарастырылмаған. Эр даму кезеңіне тән жетістіктер айтылып еткенимен, графикалық құралдар қолдану арқылы осы жетістіктерді көрсету бұл зерттеуді құнарлатар еді.

2. Қытайдың солтүстік-батыс аудардарының қазіргі кезеңдегі даму тарихы жан-жакты қарастырылғанымен, қазіргі кездегі жағдаймен сабактастығы көрсетілмеген. Солтүстік-батыс шекара аймағының халықаралық сауда-экономикалық байланыстарды, инфрақұрым жүйесінің дамуы тараулары бойынша сараптамалық түрғыдан өзгерістерді талдау жөн болар еді.

3. Қытайдың солтүстік-батыс аудардарындағы реформалардың маңыздылығын ескере отырып, осы реформалар жүргізу барысында жасалған қателіктер, туындаған қыншылықтар мен осы аумактарға тән пайда болған үрдістерді талдау жөн болар еді. Қазіргі таңда Қытайдың солтүстік-батыс аудардары Қытайдың саясатында беделді орынға ие, дегенімен мұндай жетістіктерге жету барысында көптеген қыншылықтар туындағы және бұл

қыншылықтар мен ерекшеліктер мүмкін басқа аймақтарда да кездестірген немесе басқа аймақтарға бейімдеген.


Аталған ескертулер зерттеу жұмысының құндылығын, мазмұнын, ғылыми нағарияларын теріске шығармайды, жұмыстың ғылыми мәртебесін, құндылығын темендептейді. Жалпы, жұмыстың орындалуы диссертацияларға қойылатын теориялық-әдіснамалық талаптарға жауап береді. Ұсынылып отырған зерттеу жұмысының мазмұны заман талабына толық сәйкес келеді. Диссертацияда қамтылған әрбір тақырып бойынша жүйелі түсінік беріліп, қорытындыланған.

8. Диссертация мазмұнының ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Мадиев Данияр Әріпбайұлының «6D020900 – Шығыстану(тарих ғылымдары)» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «ҚХР-дың солтүстік-батыс шекара аймағын дамыту саясаты (1949-2015ж.)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жоғары дәрежеде жазылған, аяқталған жұмыс болып табылады. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі, қолданылған деректердің сапасы мен көлемі, зерттеу тәсілдері мен ғылыми жаңашылдығы, практикалық маңыздылығы жоғары деңгейде келтірілген.

Диссертациялық зерттеу жұмыс Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім мен ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәреже беру ережесінің талаптарына толық сәйкес келеді және оның авторы Мадиев Данияр Әріпбайұлы «6D020900 – Шығыстану(тарих ғылымдары)» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толықтай лайық деп есептеймін.

**Ресми рецензент,
Евразия ғылыми-зерттеу
институтының ғылыми қызметкері,
философия докторы (PhD)**



А.М. Мұратбекова

15.01.2021 ж.

